

органикалық заттар: спирттер, қышқылдар, альдегидтер, кетондар, хлортуындылар, эфирлер, гликольдер, полигликольдер, глицерин және өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, медицина мен тұрмыста қолданылатын т.б. заттар жатады.

1.2. Мұнайды өңдеуге дайындау: кәсіпшілікте мұнайды жинақтау және дайындау, мұнайды тұрақтандыру, сусыздандыру және тұзсыздандыру

Жер қойнауынан өндірілетін мұнай құрамында мұнайға ілеспе серік газдар, пласт сулары, минералды тұздар, түрлі механикалық қоспалар болады. Өндірілетін мұнайдың әрбір тоннасына 50-100 м³ мұнайға серік газдар, 200-300 кг су, ондағы еріген тұздар сәйкес келеді. Мұнайды тасымалдамас бұрын және өңдеуден бұрын мұнайдан газды бөлу қажет. Мұнайдан газды бөлу сепарация және тұрақтандыру көмегімен жүргізіледі. Мұнай сонымен қатар, механикалық қоспалардан тазалартылады, сусыздандырылады және біршама тұзсыздандырылады.

Мұнайды жинақтау және тасымалдау жүйелері. Мұнай қабаты жағдайында, жоғарғы қысымда газдар мұнайда еріген күйінде болады. Мұнайды жер бетіне көтерген кезде қысым төмендеп, мұнай құрамындағы еріген газдар бөлінеді. Бұл бөлінген газдарды жинақтап бөліп алу өте маңызды. Мұнай мен газдың қозғалу жағдайлары, мұнайдан газды бөлу сұлбасы бойынша ерекшеленетін мұнайды кен орында жинақтау және тасымалдаудың түрлі жүйелері бар.

1-суретте мұнайды жинақтаудың өздігінен ағатын жүйесінің сұлбасы келтірілген. Ұңғымадан газды- мұнайлы қоспа жеке өлшеуіш-сепараторлық қондырғыға келеді. Ол мұнайдың газбен бірге кетіп қалмауын болдырмайтын траптармен жабдықталған *C-1* тік ыдыстардан және *E-1* өлшеуіштерден тұрады. Газ жинақтаушы коллекторлар арқылы газ одан әрі қарай өңдеуге газ өңдейтін (газбензинді) зауыттарға жіберіледі. Коллекторларға бір немесе бірнеше жақын орналасқан мұнай кен орындарының жүзге дейінгі және одан да көп ұңғымалары қосылады.

Мұнай мен су *E-1* өлшегіштен (мерниктен) деңгейлерінің айырмашылықтары есебінен жинақтау пунктіне келеді, онда екі-үш резервуарлар орнатылған. Резервуарлардан мұнай мен су сорғы арқылы тұзсыздандыру мен сусыздандыруға арналған мұнайды дайындау қондырғысына айдалады.